

# Үсік

**Топ:ЖМ-409**

# Жоспар

- \*Үсік туралы түсінік.
- \*Үсіктің деңгейлері.
- \*Үсік шалған кездегі алғашқы көмек.
- \*Үсіктің алдын алу.

\* Үсік - тәуліктік орташа температура  $0^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары кезде түнде немесе таңертең, көктемде немесе күзде ауа температурасының теріс мәнге дейін төмендеуі. Үсік суық ауа массасының (адвекциялық үсік) басып кіруінен немесе топырақ пен өсімдік жамылғысы бетінің түнгі суынуынан (радиациялық үсік) пайда болады



\* Статистика бойынша адамдардың қаза болуына және аяқ-қолын кесуге әкеп соқтыратын барлық ауыр үсінуге шалдығулар күшті алкогольдік мас болу салдарынан болатындығы көрінеді.

Үсінудің төрт дәрежесі болады.

Үсінудің I дәрежесі (аса жеңілі) аз уақыт суық әсер етуінен болады. Терінің жаны кетпейді. Ондай үсінуге шалдығудың бірінші белгісі - зақымданған жерлердің жансыздануына әкеп соқтыратын күюді, шаншуды сезіну. Содан соң тері қышиды және ауырады, олар аса мәнді және аса көрнекті болмауы мүмкін.

II дәрежелі үсіну ұзақ уақыт суық әсер етуінен болады.

Оған аса тән белгі - зақымданудан кейінгі бірінші күні түссіз сұйықтық толған көпіршіктің пайда болуы. II дәрежелі үсінуден соң ауруды I дәрежелі үсінуге қарағанда ұзағырақ және тереңірек сезінеді, тері қышиды және ауырады.

\* **III дәрежелі үсіну** кезінде температураның төмендеуі және ұлпаға суық әсерінің ұзақтығы артады. Бастапқы кезде пайда болған көпіршіктердің іші қанға аралас, түбі қоңыр-көк болады және тітіркендіргіштерді сезбейді. Терінің барлық элементтері өледі де соңында бітеледі және тыртықтар өрістейді. Түсіп қалған тырнақтар қайтадан өспейді немесе пішіні бұзылып өседі. Өлген ұлпалардың түсуі 2,3-аптада аяқталады, одан кейін тыртықтанады, ол 1 айға дейін созылады. Ауруды сезінудің қарқыны мен ұзақтығы II дәрежелі үсінуден жоғарырақ.

**IV дәрежелі үсіну** температураның аса төмендеуінен және ұлпаға ұзақ уақыт суық әсерінен туады. Ол көбінесе III және II дәрежелі үсікке шалдығумен үйлеседі. Жұмсақ ұлпаның барлық қабаттары өледі, жиі сүйек пен буын зақымданады.

Зақымданған участок көпкөңгек, тіпті кейде мәрмәр түсті болады, жылыған кезде ісік пісіп ұлғая бастайды. Терінің температурасы оны қоршаған үсікке шалдыққан ұлпа участогінен біраз төмен. Көпіршіктер үсікке төмендеу шалдыққан учаскелерде, III - II дәрежелі үсінген жерелерде дамиды. Ісік біраз ұлғайған жерінде көпіршіктің болмауы, сезімталдығының жоғалтуы IV дәрежелі үсуге шалдығудың куәсі болып табылады.



**\* Үсуге шалдығу кезінде алғашқы көмек.**

Алғашқы көмек тоңуды тоқтатудан, аяқ-қолды жылытудан, суыққа шалдыққан ұлпаларда қан айналымын қалпына келтіру мен инфекцияның алдын алудан тұрады. Үсуге шалдығу белгілерін байқаған кезде бірінші - зардап шегушіні жақын маңайдағы жылы жерге апару, қатып қалған аяқ киімді, шұлықты, қолғапты шешу керек. Алғашқы көмек іс-шараларын өткізумен бір уақытта дәрігерлік көмек көрсету үшін тез дәрігерді, жедел жәрдемді шақыру қажет.

I дәрежелі үсікке шалдығу кезінде тоңған жерлерді қызарғанға дейін жылы қолмен, жеңіл уқалаумен, жүн матамен ысқылаумен, деммен жылыту керек, содан кейін мақта-дәкемен орау керек.





**II - IV дәрежелі үсікке шалдығуда** тез жылыту, уқалау мен ысқылаудың қажеті жоқ. Зақымданған жерді жылу өткізбейтін таңғышпен ораңыз (дәке қабатын, қалың мақта қабатын, тағы дәке қабатын, үстіне клеенка немесе су жібермейтін мата). Зақымданған аяқ-қолдар қол асты құралдарының көмегімен бекітіледі (тақтайша, фанера сынығы, тығыз картон), оларды таңғыштың үстіне салып дәкемен орайды.

Зардап шегушіге ыстық сусын, ыстық тамақ, аз мөлшерде алкоголь, 1 таблеткадан аспирин, анальгин, 2 таблетка «Но-шпа» және папаверин береді.

**Ауруды қармен ысқылауға кеңес берілмейді**, өйткені саусақтар мен табандардың қан тамырлары өте нәзік болады, сондықтан оларға зақым келуі, теріде пайда болған кішкентай жарықшақтар инфекция түсуіне жол береді. Үсінген аяқ-қолды отқа жылдам жылытуға, бақылаусыз жылытқыштар мен сол сияқты жылу көздерін қолдануға болмайды, өйткені үсіну барысын қиындатады. Алғашқы көмектің тиімсіз және қабылданбайтын жолы - май, жануар майын жағу, терең үсіну кезінде ұлпаны спиртпен ысқылау.



# \*Үсік шалудың алдын алу

мақсатында:

-аязда көп жүрмеу;

-тар киім кимеу;

-алкоголь қолданбау;

-бет пен қолға

-дымқылдандыратын крем

жақпау қажет!



**Көңіл қойып  
тыңдағандарыңызға  
рахмет**

